

АЛАШТЫҢ АҚИЫК АРЫСЫНЫҢ БІРІ ЕДІ (С.Қожановтың көп қырының бір сыры)

өзекті мәселесі. Тарихты жасаушы кезінде де жалғыз десек, оның ішінде жекеленген тұлғалардың ролі ерекше. Өз мүддесін жалғыз мүддесімен қабыстырып, туған халқының оркениет көзінде еркін самғауына сүбелі үлес қосқан тарихи тұлғаларды өз туғырына қондыру - уақыт талабы.

Жалпы, Отан тарихында осы кезге дейінғылыми түрде мейлінше игерілмей келе жатқан тақырыптар да, тұлғалар да аз емес. Қазіргі таңда тарихи бағасын алғанымен, әлі де болса зерттеп-зерттелуді көп қажет ететін тұлғалардың бірі — Сұлтанбек Қожанов. Оның тұлғасын тану мен танытуға қатысты бірқатар зерттеулер жүргізілгені белгілі. Әйтсе де С.Қожановтың қоғамдық — саяси қызметі мен әдеби-мәдени мұрасы біршама жан-жақты зерттелгенімен, оның этнографиялық еңбектері арнайы қарастыруды қажет ететіні анық.



алғашқы ұйымдастырушысы, әрі директоры, КСРО-ның Орта Азиядағы жер қатынастары бойынша Халқомының тұрақты өкілі, КСРО-ның Өзбекстан бойынша Кеңестік бақылау комиссиясының тұрақты өкілі болды.

Ұлттың бағына туған С.Қожанов әдебиет пен мәдениеттің талғампаз жанашыры бола білді. Мәселен, ол «Ақ жол» газетінде жарияланған мақаласында қазақ тіл білімі мен әдебиеттану ғылымының негізін салушы А.Байтұрсынұлына былайша баға береді: «Тіл тазартуға тынбай еңбек қылып келе жатқан, амал мәселесін іс жүзінде шешіп, тіл құралдарын жазып, қазақтың ұлт мектебіне негіз қалап, ұлт мәдениетінің түп қазығын мықтап қағуына еңбегімен сеп-бел болған, қазақ ұлт мәдениетінің бірінші қайраткері». Сонымен бірге ол алашшыл идеяның алдыңғы сабында болған Мағжан Жұмабайұлының тұңғыш өлеңдер жинағына («Шолпан») алғысөз жазып, баспадан шығарды. Осыған орай Мағжан Жұмабайұлы жайында жазған баяндамасында: «Түркістан стипендиаттарының тізімінде, оның ішінде Орталықтың жоғары оқу орнында жолдас Мағжан Жұмабаевтың есімі қырғыз (қазақ) халқының көрнекті ақыны ретінде танымал.

Жолдас Жұмабаев — төңкерісшіл талантты ақын, қырғыз әдебиетіндегі жаңашыл реалистік ағымның көшбасшысы, әрі өз өлеңдерінде халық ертегілері мен аңыздарын жаңаша жырлаған қайталанбас өнер иесі. Ол төңкерістің барысында туған халқына қаншама өлеңдер мен поэмалар жазып, бірнеше кітаптары Түркістан мемлекеттік баспасында басылууда.

Жолдас Жұмабаев бұған дейін Қырғыз ғылыми Комиссиясының мүшесі бола жүріп, халық ауыз әдебиетінің үлгілерін жинауға әлшеусіз үлес қосты. Жолдас Жұмабаев жұрда Мәскеудегі Көркем әдебиет институтына барып, қазіргі заман желісіндегі әдебиет бойынша арнайы дайындық курсынан өтпекші.

Түркістандағы туған халқының көркем әдебиетінің бірден — бір қайталанбас негізін салушы тұлғасы ретінде танып, оның шығармашылығы мен қаламгерлік қарымына Кеңес билігі тарапынан үлкен қолдау көрсетуіміз керек болады», — деп атап көрсетті. Осылайша С.Қожановтың зор ықпалы әрі қолдауымен М.Жұмабайұлы Мәскеудегі Көркем әдебиет институтына емтиханды ойдағыдай тапсырып, оқуға түсті.

Түркістан коммунистік партиясы Орталық комитетінің бюро мүшелері 1920 жылдың қазанында Бүкілтүркістандық «Ақ жол» атты қазақ мерзімді басылымын ұйымдастыруды ұйғарды. Осынау шешімде газетті аптасына екі рет, 12 мың тиражбен шығару көзделді. Газеттің жауапты шығарушысы бо-

лып Сұлтанбек Қожанов, жауапты хатшысы болып Міржақып Дулатов тағайындалды. 1920 жылғы «Ақ жол» газетінде халқымыздың тарихына, мәдениетіне, этнографиясына қатысты көптеген қызықты материалдар басылды. Газеттің штаттық құрамында Иса Тоқтыбаев сияқты танымал тілші еңбек етті.

1921 жылдың тамызында Түркістан Коммунистік Партиясының VI съезінде аграрлық мәселелер бойынша жасаған баяндамасында С.Қожанов қазақ шаруашылығының маңызды ерекшеліктері мен оған тигізген зардаптары туралы былай деді: «Патшалық билік территорияның үлкен бөлігін басып алды... оны жергілікті халықтан жүйелі тартып алу арқылы жүзеге асырды... барлығы жарты миллион десятинаға жуық жерді құрайды... жергілікті халықтан жерді тартып алу патша билігі құлаған соң да ұдайы жалғасып отырды... Қазақтардың үлкен бөлігі Қытайдың маңайындағы жерлерге қарай ығысты...

Жерінен айырылған көшпелілер мен отырықшылардың біраз бөлігі байтақ даламызға қоныстанған орыс шаруалары мен казактарға, және бұратаналардың бақуатты шаруашылықтарында кедей — батырақ ретінде жалданып жұмыс істеді».

Патшалық биліктің отаршылдық саясаты көбіне — көп түрлі этникалық топтардың арасындағы қарама — қарсылыққа, тіпті кейде ашықтан — ашық жауласуға өкеп соқтырды. Патшалық биліктің даламыздағы айналы саясатының тиімді тәсілі оқымысты — этнографтардың қорытынды мөлiметтері арқылы жүзеге асырылып отырды.


Халқымыздың көшпелі өмір салтында мал шаруашылығының орны тіпті бөлек. Ата-бабамыздың «Малым — жанымның садағасы, жаным — арымның садағасы» деуі тегін емес. Бұл брайда С.Қожанов мал шаруашылығын жетекші шаруашылық түріне жатқыза отырып, төмендегіше көзқарасын білдіреді: «Қырғыз өлкесінің өгіншілікке қолайсыз аймақтарында мал шаруашылығымен айналысу күнкөрістің бірден — бір кезі болып табылады. Қырғыз отбасылары үшін мал азықтың таптырмас қоры бола алды. Оның еті азық, сүтінен қымыз бен шұбат, айран мен шалап жасалып, жүні мен терісінен киім — кешек пен аяқ киім, киіз үйдің жасау-жабдықтары, саба, торсық секілді ыдыс — аяқтар дайындалады. Сондай-ақ қазақ малды көшіп қонуға, жүк артуға, мініске пайдаланған».

Осылайша С.Қожанов мал шаруашылығының халқымыздың өмірінде айрықша маңызға ие екендігін тайға таңба басқандай атап көрсеткен.

1924-1925 жылдардағы Орталық Азиядағы жүргізілген ұлттық-территориялық межелеу аймақтағы жаңа жағдайдың қалыптауына алып келді. Аймақтағы жергілікті ұлт өкілдерінің негізгі бөлігі өзі орналасқан республикаларында қалдырылды. 1925 жылы халқымыздың өміріндегі маңызды оқиғалардың бірі — «қазақ» атауын қалпына келтіру еді. Бұрынғы «қырғыз» атауы қырғыз ұлтының өзіне ғана қолданылатын болды. Сонымен бірге «қайсақтар», «қырғыз — қайсақтар», «жабайы қырғыздар», «бұратаналар» секілді атаулар бірте-бірте қолданыстан шыға бастады.

Ұлт қайраткері С.Қожановтың ерекше маңыз берген мәселесінің бірі -Наурыз мерекесіне байланысты. Оның мәліметінше, Наурыз ирантілді халықтардың арасында сонау ерте дәуірдің өзінде-ақ пайда болып, Алдыңғы және Орта Азияның бүкіл территориясына кеңінен тарады. Ол сондай-ақ өз Наурыздың бүкіл күншығыс халқының тегіс тойлайтын салт болған күні екендігін, оның мұсылмандықтан бұрын шыққан мейрам болуымен бірге, тұрмысы табиғат жағдайларымен көбірек байланысқан елдің тіршілігі тудырып отырған мейрам екендігін басып айтады.

Қорытындылай келгенде айтарымыз, С.Қожановтың артында қалған мол мұрасының ішінен этнографиялық еңбектерін саралап алып, ғылыми негіздегі жан-жақты, әрі нақтылы пікір білдіруіміз мейлінше маңызды болмақ. Өйткені, саналы ғұмыры мен маңдай терін



халқының игілігі үшін төккен С.Қожановтай тұлғалардың ерөн еңбегі ұрпақтан — ұрпаққа жетіп, тарих жадында мәңгі жаңғыра бермек. Туған елінің тамырын тереңге тартқан бай тарихы мен этнографиясын жан - жақты оқып, кейінгі ұрпаққа аманаттауға ол барын салды. Тарих теперішінде төлкекке түскен мұраларымызды халқымызбен бірге мәңгі ұлықтауға үндеді.

С. ӨЛІБЕК,
М. Өуезов атындағы
ОКМУ-дың профессоры т.ғ.д.

Шындығында, күллі қазақ халқының тана емес, жалпы түркі жұртына даңқы жайылып, өшпес із қалдырған С.Қожановтың этнографиялық еңбектерін қарастыра отырып, біз оның 44 жасқа жетер — жетпес ғұмыр-баянының кейбір түйткілді тұстарына тоқталғымыз келеді.

Саналы ғұмырын елінің ертеңіне арнаған Сұлтанбек Қожанов 1894 жылы 10 қыркүйекте бұрынғы Түркістан өлкесі, қазіргі Оңтүстік Қазақстан облысының Созақ ауданына қарасты Ақсүмбе елді - мекенінде қарапайым шаруа отбасында дүниеге келген. Ауыл молдасынан қат таныған зерек те алғыр Сұлтанбекті әкесі Қожан Түркістан қаласындағы төрт жылдық орыс - түзем мектебіне тапсырады. Оны 1908 жылы ойдағыдай бітіріп шығып, 1913 жылы 3 сыныптың қалалық училищесіне тәмамдайды. 1915 жылғы ел жағдайын «Кенес» атты жасырын үйірмесін құруға атсалысқан. Үйірмеге сол кезеңнің өзі құралып өскенді жастары тартылған болатын. Сондай-ақ бұл үйірмеге идеялық жетекшілік жасаған М.Шаған мен бірге, алаштың арда туған аяулы ұлдарының бірі Сұлтанбек Қожановтың «Кенес» атты қолжазба журналды шығарып отырды. 1915-1917 жылдары Ташкенттегі Мұғалімдер семинариясында білім ала жүріп, онда астыртын құрылған ұйымның мүшесі болды.

Семинарияны аяқтаған соң ол Өндіжан уезінде барып ұстаздық етті. Осында жүріп саяси көзқарасы қалыптасты. 1917 жылы шілде айында оны Орынбор қаласында өткен бірінші жалпықазақ съезіне делегат ретінде шақырды. Іле - шала тамыз айының басында өткен Түркістан аймағы қырғыз — қазақтарының жалпы жиылысына хатшылық жасап, Сырдария облыстық қырғыз - қазақ комитетіне мүшелікке және бүкілресейлік құрылтай жиналысына өкілдікке сайланды. Осы тұста «Бірлік туы» газетінде 1917 жылдың желтоқсанынан

1918 жылғы сәуірдің ортасына дейін жауапты шығарушы міндетін атқарды.

Кейіннен өзін саясаттан уақытша сырттаңқырап ұстап, біржола ағартушылық қызметке бет бұрды. Осы кезде ол Түркістандағы халыққа білім беру бөлімінің инспекторы, аштыққа ұшыраған қазақтарға жәрдем беру комитетінің басшысы, Қазақ - қырғыз институтының қабырғасын қалаушысы, уездік - қалалық атқару комитеті төрағасының орынбасары қызметтерін атқарды. Ал 1920 жылдың қыркүйегінде коммунистік партияның қатарына өтіп, көп ұзамай Сырдария облыстық революциялық комитетінің төрағасы лауазымына бекітілді.

Түркістандық көрнекті қайраткер ретінде қалыптасқан Сұлтанбек Қожанов үшін 1920-1924 жылдар аралығы ерекше жетістікке толы болды. Бұл кезеңде ол Түркістан коммунистік партиясы ОК-нің мүшесі, Түркістан Орталық атқару комитеті төрағасының орынбасары, Түркістан Республикасы Ішкі істер халық комиссары, жалпы ағарту комиссары, жер қатынастары халық комиссары, «Ақ жол» газетінің жауапты шығарушысы болып қызмет атқарды. Сонымен қатар ол 1924 жылғы 27 қарашада Қазобкомның, ал 1925 жылғы 19 ақпанда Қазөлкомның жауапты хатшысы (республикадағы екінші дәрежелі лауазым) болып тағайындалады. 1925 жылдан 1926 жылға қараған шақта БК(б)ПОК-тың ұлт республикалары мен облыстар бойынша жауапты нұсқаушысы, 1927-1928 жылдары Мәскеудегі марксизм — ленинизм курсының тыңдаушысы, ал 1928 жылдың желтоқсанынан БК(б)ПОК-тың Ортазиялық бюросының үгіт — насихат бөлімі меңгерушісінің орынбасары, 1929-1937 жылдар аралығында кеңестік және шаруашылық түрлі органдарда жауапты лауазымдарда қызмет атқара жүріп, Ортазиялық мақта — ирригациялық политехникалық институтының